



Тарих ғылымдарының докторы, профессор
Алдабек Нұржамал Әбдіразаққызының 70 жылдық мерейтойына
және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 90 жылдығына арналған

**«ШЫҒЫС ЕЛДЕРІ ДАМУЫНЫҢ
ПРАГМАТИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ»**

атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

ЖИНАҒЫ

СБОРНИК

международной научно-практической конференции

**«ПРАГМАТИЧЕСКИЙ ОПЫТ
РАЗВИТИЯ СТРАН ВОСТОКА»**

посвященной 70-летию юбилею доктора исторических наук,

профессора Алдабек Нуржамал Абдразаковны

и 90-летию КазНУ имени аль-Фараби

MATERIALS

of International Scientific and Practical conference

**«PRAGMATIC EXPERIENCE OF EASTERN
COUNTRIES DEVELOPMENT»**

dedicated to the 70th Anniversary of the Doctor of Historical Sciences,

Professor Aldabek Nurzhamal Abdrakkyzy

and dedicated to the 90th Anniversary

of the Al-Farabi Kazakh National University

Алматы, 2024

**«ШЫҒЫС ЕЛДЕРІ ДАМУЫНЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ
ТӘЖІРИБЕСІ»**

тарих ғылымдарының докторы, профессор Алдабек Нұржамал
Әбдіразаққызының 70 жылдық мерейтойына және әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың 90 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференция материалдары
29 қараша 2024 жыл
Алматы

«ПРАГМАТИЧЕСКИЙ ОПЫТ РАЗВИТИЯ СТРАН ВОСТОКА»

Материалы международной научно-практической конференции посвященной
70-летию юбилею доктора исторических наук, профессора
Алдабек Нуржамал Абдразаковны
и 90-летию КазНУ имени аль-Фараби.
29 ноября 2024 год
Алматы

**«PRAGMATIC EXPERIENCE OF EASTERN COUNTRIES
DEVELOPMENT»**

Proceedings of the international Scientific conference dedicated to the 70th
Anniversary of Doctor of Historical Sciences, Professor Aldabek Nurzhamal
and the 90th Anniversary of al-Farabi Kazakh National University.
29 November 2024
Almaty

УДК 94 (5)
ББК 63.3
Ш97

Жалпы редакциясын басқарған: Түймебаев Ж.Қ. - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма төрағасы-Ректоры

Жауапты редактор: Ем Н.Б. – Шығыстану факультетінің деканы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
Құрастырып, баспаға әзірлеген: Асыл М.Б., Түргенбай А.А., Нуржаева А.М.

«ШЫҒЫС ЕЛДЕРІ ДАМУЫНЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ» тарих ғылымдарының докторы, профессор Алдабек Нұржамал Әбдіразаққызының 70 жылдық мерейтойына және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 90 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары, 29 қараша 2024 жыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – бет саны 366 – қазақ, орыс, ағылшын, қытай тілдерінде.

ISBN 978-601-04-6843-6

«Шығыс елдері дамуының прагматикалық тәжірибесі» тақырыбындағы халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы Шығыс елдерінің тарихы, саясаты, тілі және мәдениеті саласына қызығушылық танытатын зерттеушілерге, оқытушыларға, білім алушылар мен жас мамандарға арналған. Конференция тарих ғылымдарының докторы, профессор Алдабек Нұржамал Әбдіразаққызының 70 жылдық мерейтойына және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдығына орайластырылған. Конференция Шығыс елдерінің әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму тәжірибесін, олардың қазіргі заманғы жаһандық процестердегі рөлін, сондай-ақ жаһандану жағдайындағы одан арғы өзара іс-қимыл перспективаларын талқылауға және талдауға бірегей мүмкіндік берді. Конференцияға ұсынылған баяндамалар мен зерттеулер Шығыстың қазіргі даму үрдістерін түсінуге маңызды үлес қосады және өзекті проблемаларды шешудің жаңа тәсілдерін ұсынады. Халықаралық конференция ҚР ҒЖБМ ҒҚ «Шығыс елдері дамуының конфуцийлік моделінің прагматикалық тәжірибесі: Қытай, Жапония, Сингапур, Оңтүстік Корея» (AP19677768) ғылыми жобасы аясында өткізілді.

Сборник материалов международной научной конференции на тему **«Прагматический опыт развития стран Востока»** предназначен для исследователей, преподавателей, обучающихся и молодых специалистов, заинтересованных в области истории, политики, языка и культуры стран Востока. Конференция приурочена к знаменательным событиям — 70-летию юбилею доктора исторических наук, профессора Алдабек Нуржамал Абдразаковны, а также 90-летию Казахского национального университета имени аль-Фараби. Конференция предоставила уникальную возможность обсудить и проанализировать опыт социально-экономического и культурного развития стран Востока, их роль в современных глобальных процессах, а также перспективы дальнейшего взаимодействия в условиях глобализации. Представленные на конференции доклады и исследования внесут важный вклад в осмысление современных тенденций развития Востока и предложат новые подходы к решению актуальных проблем. Международная конференция проводилась в рамках ГФ МНВО РК по научному проекту «Прагматический опыт конфуцианской модели развития стран Востока: Китай, Япония, Сингапур, Южная Корея» (AP19677768).

The collection of materials of the international scientific conference on the topic **«Pragmatic experience of Eastern countries development»** is intended for researchers, teachers, students and young specialists interested in the field of history, politics, language and culture of the countries of the East. The conference is dedicated to the significant events - the 70th anniversary of Doctor of Historical Sciences, Professor Aldabek Nurzhamal, as well as the 90th anniversary of the al-Farabi Kazakh National University. The conference provided a unique opportunity to discuss and analyse the experience of socio-economic and cultural development of the countries of the East, their role in modern global processes, as well as the prospects for further interaction in the context of globalisation. The reports and studies presented at the conference will make an important contribution to the comprehension of modern trends in the development of the East and offer new approaches to solving urgent problems. The international conference was held within the framework of the research project “Pragmatic Experience of the Confucian Model of Development in Eastern Countries: China, Japan, Singapore, South Korea” funded by the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AP19677768).

© әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2024
© Казахский национальный университет имени аль-Фараби, 2024
© al-Farabi Kazakh National University, 2024

МАЗМҰНЫ **СОДЕРЖАНИЕ** **CONTENT**

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ РЕКТОРЫ Ж.Қ. ТҮЙМЕБАЕВТЫҢ ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ.....	3
<i>1 СЕКЦИЯ/ SECTION 1</i>	
<i>МОДЕРНИЗАЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН МҮМКІНШІЛІКТЕРІ: ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ШЫҒЫС СТРАТЕГИЯЛАРЫ</i>	
<i>ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ МОДЕРНИЗАЦИИ: ВОСТОЧНЫЕ СТРАТЕГИИ В ФОКУСЕ СОВРЕМЕННОЙ РЕАЛЬНОСТИ</i>	
<i>PROBLEMS AND OPPORTUNITIES OF MODERNISATION: STRATEGIES OF THE EAST AT THE PRESENT STAGE</i>	
KONDAPALLI S. CHINESE-STYLE MODERNIZATION – CONCEPTUAL UNDERSTANDINGS AND DYNAMICS.....	5
НАДИРОВА Г.Е. СОЦИАЛЬНЫЕ ПОСЛЕДСТВИЯ ГЕНДЕРНОГО НЕРАВНОПРАВИА.....	13
ШАКИВА F. A GEOGRAPHICAL AND HISTORICAL STUDY OF THE ANCIENT CITY OF KHOTAN BASED ON IRANIAN-ISLAMIC RESOURCES.	16
ZHUMATAY G. CHINA’S STRATEGY FOR CENTRAL ASIA IN THE CONTEXT OF MODERNIZATION OF XINJINA.....	22
CHU YOUNGMIN, BELYALOVA A. THE PRAGMATIC EXPERIENCE OF THE CONFUCIAN MODEL OF SOUTH KOREA’S DEVELOPMENT.....	26
АЛДАБЕК Н.Ә., МАХМУДОВА А.К. ҚЫТАЙДЫҢ САЯСИ МӘДЕНИЕТІНІҢ ТАРИХИ ДАМУЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	32
YOUSEFIAN A. THE GLOBAL DIGITAL ORDER AND THE OPPORTUNITIES FOR ASIA TO BRING BALANCE BETWEEN THE EAST AND THE WEST.....	36
ГУСЕЙНОВ Э. А. ТЕХНИЧЕСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ КИТАЯ И ЕЁ ВЛИЯНИЕ НА СОТРУДНИЧЕСТВО СО СТРАНАМИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В СФЕРЕ РЕДКОЗЕМЕЛЬНЫХ МЕТАЛЛОВ И ЗЕЛЁНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ.....	41
МҰҚАМЕТХАНҰЛЫ Н. МАО МЕН ЛЮ-ДЫҢ ТАПТЫҚ КҮРЕС КӨЗҚАРАСТАРЫ ЖӨНІНДЕ.....	46
SINYING WU, YINGHAN XU, ATSUSHI SAITO, ATSUSHI OGIHARA FAMILY ROLES IN DECISION-MAKING WITHIN PALLIATIVE CARE AMONG THE EAST ASIA.....	51
АЗМҰХАНОВА А.М. НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ИЗУЧЕНИЯ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ ЭЛИТЫ В МОДЕРНИЗАЦИИ СТРАН ВОСТОКА.....	53
ТЛІА YIN NOR. GAINING GROUND.....	58
АХМЕТОВ К.Р. ПРОБЛЕМЫ И ВОЗМОЖНОСТИ МОДЕРНИЗАЦИИ ТРАДИЦИОННЫХ ОБЩЕСТВ ВОСТОКА: КЕЙСЫ КИТАЯ И САУДОВСКОЙ АРАВИИ.	66
САПАНОВ С.Ж. ИСТОРИЯ СПОРНЫХ ТЕРРИТОРИИ МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И КИТАЕМ: ИСТОКИ И ПРИЧИНЫ ВОЗНИКНОВЕНИЯ.....	72
MAO JIANPING A CHINESE MODERNIZATION: WHEN CARE ETHICS ENCOUNTERS POVERTY ALLEVIATION.....	82
БАЙДАРОВ Е.У., УЛАНОВА Д.Е. АНАЛИЗ КОНЦЕПЦИИ СООБЩЕСТВА ЕДИНОЙ СУДЬБЫ «КИТАЙ – ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ».....	86
ОМАРОВА М.А. ҚЫТАЙДЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТЫН ТАЛДАУ ӘДІСТЕРІ.....	95
БАТЫРХАН Б.Ш., РАХИМОВА Қ.Д. ИРАНДЫҚ МОДЕРНИЗАЦИЯ ЖӘНЕ ЗИЯЛЫЛАР.....	101
КЕРИМБАЕВ Е.А. КОНФУЦИЙ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ СЫН-ҚАТЕРГЕ ҰШЫРАУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ.....	108
МЕН Д.В., ХАМИТОВА Н. РЕАЛИЗАЦИЯ ЦИФРОВЫХ КУЛЬТУРНЫХ ПРОЕКТОВ КАК НОВОЕ НАПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРНОЙ ПОЛИТИКИ ЮЖНОЙ КОРЕИ.....	116

МУРАТБЕКОВА А.М., ҚАЙПОЛЛА Қ. ЖАҒАНДЫҚ ОҢТҮСТІКТІҢ ГЕОСАЯСИ ҮРДІСТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ.....	121
АШИНОВА Ж.Е., ҚУАТОВА Х.Р. ЖАПОНИЯДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ҚОҒАМ ҚҰРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	125
АСЫЛ М. ҚХР-ДЫҢ МОДЕРНИЗАЦИЯСЫНДАҒЫ НОРМАТИВТІ-ПРАГМАТИКАЛЫҚ СИНТЕЗ ТӘЖІРИБЕСІ: «СЯОКАН» ҚОҒАМЫ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ	129
ҚАРАЖАНОВА Ж.Қ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СУ МӘСЕЛЕСІН ШЕШУДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ӨЗЕКТІ ТҮСТАРЫ.....	133
АРЗЫКУЛОВ А.А. ДЕМОГРАФИЯ ЖӘНЕ КӨШІ-ҚОН: ҚЫТАЙДА КӨШІ-ҚОН ҮДЕРІСІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	138
БАЗАРКУЛОВА Б. ИРАН ИСЛАМ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТТІҢ РӨЛІ.....	142
БЕЙСЕНБАЕВ О. ҚХР СЫРТҚЫ САЯСИ БАСТАМАЛАРЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ САЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОНФИГУРАЦИЯҒА ЫҚПАЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН.....	146
ГАБДУЛЛИН К.Т. РЕЛИГИОЗНАЯ СИТУАЦИЯ В ИНДИЙСКОМ ШТАТЕ ПЕНДЖАБ.....	155
НУРЖАЕВА А. КОНФУЦИАНСТВО И СОХРАНЕНИЕ КУЛЬТУРНЫХ ТРАДИЦИЙ В КИТАЕ.....	160
MOSHKA L. SUSTAINABLE DEVELOPMENT AND MODERNIZATION: JAPAN'S EXPERIENCE IN WASTE MANAGEMENT	166
СЕРИККАЛИЕВА А.Е. ОЦЕНКА ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ЭФФЕКТИВНОСТИ И ПРОБЛЕМЫ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МЕЖДУНАРОДНОГО ЦЕНТРА ПРИГРАНИЧНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА «ХОРГОС»	170
САУДАНБЕКОВА Ш. Т., АЛПЫСБАЙ Д. Т. ЖАПОНИЯНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН ҮШІН АШЫЛАТЫН МҮМКІНДІКТЕР	180
ТҮРГЕНБАЙ А.А. ҚХР-ДАҒЫ ОТБАСЫЛЫҚ-НЕКЕЛІК ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУЫ	186
ИСМАИЛОВА С.Ж. МОДЕЛЬ И СТРАТЕГИЯ РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО БРЕНДИНГА В ЮЖНОЙ КОРЕЕ.....	191
АШИНОВА Ж.Е., НУРСЕИТОВА Л. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖАПОНИЯНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСИ БАСТАМАЛАРЫ.....	195
ИСКАКОВА З. «АШЫҚТЫҚ ЖӘНЕ РЕФОРМАЛАР» САЯСАТЫНАН КЕЙІНГІ ҚЫТАЙДЫҢ ДАМУЫНЫҢ МӘДЕНИ НЕГІЗДЕРІ.....	200
ТУРСЫНОВА М.Е. ВЛИЯНИЕ ЦИФРОВОЙ ЭКОНОМИКИ НА ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ КИТАЯ.....	204

2 СЕКЦИЯ/ SECTION 2

ДАМУДЫҢ МӘДЕНИ НЕГІЗДЕРІ: ШЫҒЫСТЫҢ ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМІ МЕН ЗИЯТКЕРЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

КУЛЬТУРНЫЕ ОСНОВЫ РАЗВИТИЯ: ГУМАНИТАРНЫЕ ЗНАНИЯ И ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ ВОСТОКА

CULTURAL BASES OF DEVELOPMENT: HUMANITARIAN KNOWLEDGE AND INTELLECTUAL VALUES OF THE EAST

SHABAN A. SOME DISTINGUISHING FEATURES OF EASTERN CULTURES.....	210
NINOMIYA T., BOLATBEK B. HALAL TRENDS IN JAPAN AND KAZAKHSTAN: DIFFERENCES IN INTERPRETATION OF THE QUR'AAN IN THE TWO COUNTRIES.....	215
ТОЙБОЛ Қ., БАТАЕВА А. А. ҚЫТАЙ ЛИНГВИСТИКАСЫНЫҢ БАСҚА ТІЛДЕРМЕН БАЙЛАНЫСЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ.....	220
АЛДАБЕК Н.Ә., АШИНОВА Ж. Е. ЖАПОНИЯДАҒЫ КОНФУЦИЙШІЛДІК: ТАРАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШЕТЕЛДІК ТАРИХНАМАДА ЗЕРТТЕЛУІ.....	227
DAULET F.N. CONCEPT "DESTINY" IN CHINESE AND KAZAKH	

LINGUACULTURES.....	231
周金声, АЛИХАНКЫЗЫ Г. 初级综合汉语字词本位语用教学新探—把准中文形音义的命脉.....	242
ИСАЕВ А. У., НҮРТАЙ А. МО ЯННЫҢ «БАҚА» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ӨМІР МЕН САЯСАТТЫҢ КҮРДЕЛІЛІГІ.....	250
АБДЫРАКЫН Н. ЖИЯ ПЫҢАУДЫҢ «АЗҒЫНДАҒАН ШАҒАР» РОМАНЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ.....	254
ДОСЫМБЕКОВА Р., ИБРАИМОВА А. ҚЫТАЙ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ДӘСТҮРЛІ НАНЫМ-СЕНІМДЕРДІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ.....	262
ЖАҚАН М. ШЫҒЫСТЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ: ИБН СИНА ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ ФӘЛСАФАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ.....	268
ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА Г. Қ. МАСНАВИ-ЙЕ МАНАВИ ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ АДАМНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ ІЛІМІ.....	273
САФОНКИНА О. С., ШАЛЯГИНА А. О. МЕТОДЫ И ТЕХНИКИ ОБУЧЕНИЯ БОЛЬШИМ ГРУППАМ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ КИТАЯ: ПРОБЛЕМЫ И РЕШЕНИЯ.....	279
АКНМЕТБЕК G., МҮЛТҮКБАҰ Z. A. FEATURES OF THE CONVERSATIONAL STYLE IN THE CHINESE LANGUAGE.....	284
САДЫҚОВА Р. ИРАНДЫҚТАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ЭТИКЕТІНДЕГІ ТААРОФТЫҢ РӨЛІ.....	289
МҰСТАФАҰЛЫ С. ТІЛДІК ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНІҢ БАЙЛАНЫСТАРЫ (20 ҒАСЫРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖАРТЫСЫ).....	297
ҚОЙБАҚОВА А.С. , ҚАЛИБЕКҰЛЫ Т. ҚЫТАЙ ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ТҮРКІ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ҚЫТАЙ ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУЫ МЕН ТРАНСКРИПЦИЯЛАНУЫ.....	301
АХМЕТБЕК Г., МАЙБАС Ә. Т. ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ СЕБЕП-САЛДАР ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕР.....	306
ТУРЕГЕЛЬДИЕВА А.С., АШИРБАЕВ Ш. ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗДЕРІ: БАТЫС ПЕН ШЫҒЫС КӨЗҚАРАСТАРЫ.....	309
НАЗАРОВА К. Б., ОРЫНБАСАР А. Ә. ЭТНИКАЛЫҚ ТОПТАР МӘДЕНИЕТІ АРҚЫЛЫ ҚЫТАЙДЫҢ ЗАМАНАУИ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ТҮРЛЕНУІ	313
ОРАЗАҚЫНҚЫЗЫ Ф., ПАК Р. PHONETIC BORROWINGS FROM THE CHINESE LANGUAGE IN THE KAZAKH LANGUAGE	316
ИСАЕВ А. У., АБДУЛЛИНА А. Р. СЛОЖНОСТИ ПЕРЕВОДА И СОХРАНЕНИЕ КУЛЬТУРНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ: ПРИМЕР ПЕРЕВОДА РОМАНА «有生» ХУ СЮЭВЭНА НА АНГЛИЙСКИЙ ЯЗЫК.....	320
ДОСЫМБЕКОВА Р., МЕТТИБАЕВА С. ЛИНГВОКУЛЬТУРНЫЙ КОНЦЕПТ ИНВЕКТИВНОЙ ЛЕКСИКИ.....	323
ОРАЗБАЕВА М. Қ. ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	330
МУНАТАИ К. AN EXPLORATION OF SOCIAL VALUES IN CHINESE INTERNET SLANG BASED ON DISCOURSE ANALYSIS.....	333
ИСАЕВ А. У., ҚАЛЕКЕНОВА Ж. Қ. ПРОИЗВЕДЕНИЕ «КЛАССНЫЙ РУКОВОДИТЕЛЬ» ЛЮ СИНЬВУ: ОТРАЖЕНИЕ ТРАВМ И ПОИСК ИДЕНТИЧНОСТИ В «ЛИТЕРАТУРЕ ШРАМОВ»	338
ШАРЫПҚАЗЫ Н. ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ЗАҢ САЛАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ТЕРМИНДЕР МЕН ҚҰЖАТТАРДЫ АУДАРУ МӘСЕЛЕСІ.....	342
САПАРБАЕВА Н.Б., ВАН ЛИНЛИН. РОЛЬ ЗООНИМОВ В ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ ЛЮДЕЙ.....	350
АШИМБАЕВА А. ШЫҢЖАНДАҒЫ ҚАЗАҚТАР ҚОНЫСТАНҒАН ЕЛДІ МЕКЕН АТАУЛАРЫ.....	353
ВАНЕНАЕР D., SADENOVA A. CHINESE INTERNET SLANG: STRUCTURE, SEMANTICS AND PROBLEMS OF TRANSLATION INTO KAZAKH	

ШЫҒЫСТЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ: ИБН СИНА ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ ФӘЛСАФАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

Жақан Мадина Қаирболатқызы
Докторант, Л.Н.Гумилев ат.Еуразия Ұлттық
университеті, Астана қ.
E-mail: madina_star90@mail.ru

Аңдатпа. Аталмыш мақалада фәлсафаның биік шыңы болып табылатын Ибн Синаның философиялық көзқарастары қарастырылған. Жалпы зерттеудің басты мақсаты ол ортағасырлық ғалым, дәрігер Ибн Синаның фәлсафаны алғаш жүйелеп берген және биік шыңға жеткізген философ ретінде таныту арқылы оның философиялық ілімі мен көзқарастарына талдау жасау болып табылады. Және де ойшылдың фәлсафаны ғылым ретінде қалайша қарастырып, зерделегені жайлы баяндалады. Яғни Ибн Сина бойынша фәлсафа бірінші болмысты қарастырады, ал кейін барып болмыстан туындаған дүниелерді зерттейді деп білген.

Сонымен қатар мақалада ойшыл пікірінше фәлсафаның негізгі мәселелері болып табылатын сұрақтар қамтылған. Олар адам мәселесі, адам мәні, болмысы, физикалық және рухани дамуы. Сондай-ақ бұл мақалада кеңістік, уақыт, жан, дене сияқты мәселелер мен жалпы таным теориясының сұрақтары баяндалған. Бұл мәселені ойшыл ақыл-ой, тәжірибе негізінен шешкен. Тәжірибеде, сыртқы әлем заттарында бар нәрсеге сүйеніп, олардан табиғи заңдылықтарды шығарады. Тәжірибелік, сезімдік тану Ибн Сина бойынша ол табиғатты танудың алғашқы кезеңі болып табылады. Осы ретте ойшыл тану процесі кезінде сезім мүшелерінің рөлі мен күшін терең, әрі жан-жақты зерделеген.

Кілтгі сөздер: Фәлсафа; болмыс; мүмкінді-мән; қажетті-мән; мән; себептілік; кеңістік; уақыт; дене; таным.

Интеллектуальные ценности Востока: Ибн Сина и его основные идеи фальсафы

Аннотация. В данной статье рассмотрены философские взгляды Ибн Сины, являющиеся высшей вершиной философии. В целом главной целью исследования является анализ философского учения и взглядов средневекового ученого, врача Ибн Сины путем представления его как первого философа, систематизировавшего философию и приведшего ее к высшей вершине. Также рассказывается о том, как мыслитель рассматривал и изучал философию как науку. То есть, согласно Ибн Сине, он полагал, что философия первым делом рассматривает бытие, а затем уже изучает порожденные бытием предметы.

Наряду с этим, в статье охвачены вопросы, которые, по мнению мыслителя, являются основными вопросами философии. Это проблема человека, сущность, бытие, физическое и духовное развитие человека. Также в данной статье изложены такие вопросы, как пространство, время, душа, тело и вопросы общей теории познания. Эту проблему мыслитель решал на основе ума, практики. На практике, опираясь на существующее в предметах внешнего мира, выводит из них природные закономерности. Экспериментальное, чувственное познание, по Ибн Сине, является первым этапом познания природы. При этом мыслитель глубоко и всесторонне исследовал роль и силу органов чувств в процессе познания.

Ключевые слова: Философия; бытие; возможно сущее бытие; необходимо сущее бытие; сущность; причинность; пространство; время; тело; познание.

Intellectual values of the East: Ibn Sina and his main ideas of falsafa

Abstract. This article examines the philosophical views of Ibn Sina, which are the highest peak of philosophy. In general, the main goal of the study is to analyze the philosophical teachings and views of the medieval scientist and physician Ibn Sina by presenting him as the first philosopher who systematized philosophy and brought it to highest peak. It also tells how the thinker viewed and studied philosophy as a science. That is, according to Ibn Sina, he believed that philosophy first considers being, and then studies the objects generated by being.

Along with this, the article covers issues that, according to the thinker, are the main issues of philosophy. This is the problem of man, the essence, being, physical and spiritual development of man. This article also outlines issues such as space, time, soul, body and issues of the general theory of knowledge. The thinker solved this problem on the basis of intelligence and practice. In practice, relying on what exists in objects of the external world, he deduces natural patterns from them. Experimental, sensory knowledge, according to Ibn Sina, is the first stage of knowledge of nature. At the same time, the thinker deeply and comprehensively explored the role and power of the senses in the process of cognition.

Key words: Falsafa; being; possibly existing being; necessary existing being; essence; causality; space; time; body; cognition.

Араб-мұсылман философиясы ислам дүниетанымы билік етіп тұрған кезде қалыптасып дамыған философиялық дәстүр. Классикалық исламның (IX-XIV ғғ.) теологиялық-философиялық ойы үш негізгі бағыттардан тұрады – калам, фәлсафа, суфизм. Калам (араб.калям – сөйлеу, пікір) ол ислам догмаларын ой тұрғысынан негіздеуші бағыт болып табылады. Яғни Исламның рационалды теологиясы деп те атайды. Негізін қалаушылары Абу әл Хасан әл Ашари (935) және Абу Мансур әл

Матуриди (944). Біз осы мақалада тоқталатынымыз фәлсафа бағыты және оның жарқын өкілі – Ибн Сина фәлсафасына.

Фәлсафа ол шығыс перипатетизмі (аристотелизмі). Фәлсафада Құрандық ілім зияткерлі/философиялық интерпритацияға ие болды. Яғни фәлсафа өкілдері мұрасында грек философиясы исламданды, ал ислам доктринасы «философияландырылды». Сонымен бұл жерде фәлсафада авраамисттік, иудей-христиан-мұсылмандық ревелятивизмнің антикалық пұтқа табынушылық интеллектуализммен қосылып, дүниежүзілік тарихи мәні бар синтез жасалынды. Фәлсафаның негізін қалаушы әл-Кинди (IX ғ) болып табылады. Оның ілімі мутазилиттік калам мен перипатетизмнің мұсылмандық мектебі арасындағы көпір іспетті болды. Әрі қарай фәлсафа әл-Фарабиде дамуын тауып, кейін Ибн Сина ойларында классикалық сипатқа ие болды. Бұл мақалада біз дәл осы ойшыл жайлы және оның фәлсафалық ой тұжырымдары мен идеялары туралы болмақ [10, 15-бет].

Әл-Кинди мен әл-Фараби бастап кеткен дәстүрді әрі қарай дамытушы ол Абу Али Ибн Сина (980-1037 жж.). Ибн Сина шығармашылығында мұсылман перипатетизмі өзінің аяқталған күйінде шықты, яғни ойшыл бүткіл аристотелизмді жүйлеп берді.

Ибн Сина Афшана (Бұқара қаласының маңы) елді мекенінде дүниеге келді. Жастық шағында Бұқараға көшіп келеді. Бұқара қаласы сол уақытта Саманидтер мемлекетінің астанасы болатын. Бұл жерде ол әкесінің ықпалымен жүйелі білім алды. Ойшылдың туған тілі ол парсы тілі болса да, араб тілін де жақсы болды. Ибн Сина еңбектерінің көп бөлігі араб тілінде жазылған.

Ибн Синаның ғылыми мұрасы білімнің әр түрлі салаларын қамтиды: медицина, философия, математика, астрономия, минералогия, химия, поэзия, музыка, логика, психология, әлеуметтану, саясаттану және т.б. Ойшылға тиесілі еңбек саны нақтыланбаған, шамамен 456 жуық [1, 21-бет].

Ибн Синаның басты фәлсафалық еңбегі ол «Сауығу кітабы» (Китаб аш-Шифа) болып табылады. Бұл еңбектің маңыздылығы ол дүниежүзінде бір философ жазған ең ауқымды еңбек болып табылатыны. Аталмыш еңбек 22 томнан тұрады (логика – 9 том, физика – 8 том, математика – 4 том, метафизика – 1 том). Ибн Сина бұл еңбекте аристотелизмді 4 сала бойынша: логика, математика, физика, метафизика жүйелеп берді. Аш-Шифа еңбегін парсы патшасы үшін парсы тіліне ықшамдап аударып берген болатын. Ол еңбек Даныш-наме деп аталады. Даныш-наме парсы тілінде жазылған тұңғыш фәлсафалық еңбек болып табылады. Сонымен қатар бұл аш-Шифаның тағы екі қысқартылған түрі бар. Айта кетсек олар: «Құтқару кітабы» (Наджат) және «Нұсқаулық және сілтемелер кітабы» (Ал ишарат ва-т танбихат) еңбегі. Бұдан басқа логика, психология, космология, метафизика, медицина бойынша жазған еңбектері жетерлік: Рисалат фи-л-‘ишю (Махаббат жайлы трактат), Хайй Ибн Йакзан, Рисолат ат-тайф (Құстар жайлы трактат) және т.б.

Мұсылман әлемінде Ибн Синаны құрметтеп аш-Шейх ур-раис (философтардың князі) деп атап кеткен. Ойшылдың көптеген идеяларың кейінгі калам мен суфизм де қабылдаған болатын. Сонымен қатар Ибн Сина ортағасырлық Батыс Еуропа ойының дамуына үлкен үлес қосты. XII ғ. аш-Шифа еңбегі латын тіліне бірнеше мәрте аударылған болатын. Батыс Еуропада «латын авиценнизм» немесе «авиценналанушы августинизм» атты философиялық ағым қалыптасты. Оның көрнекті өкілдері: В.Овернский, А.Гальский, Жан де ля Рошель, Бонавентура, Р.Гроссетест, Р.Бекон. Сонымен қатар авиценналық көзқарасты Ұлы Альберт, Ф.Аквинский, Д.Скот шығармаларынан аңғаруға болады [6, 45-бет].

Ибн Синаның философиялық және жаратылыстану ғылымдару бойынша көзқарастары антикалық грек дәстүрлеріне негізделетінін білеміз. Ойшыл шығыс аристотелизмді жалғастыра және дамыта отыра өз ілімінің негізгі қағидаларын дәлелденген фактілермен байланыстыруға тырысты. Жоғарыда жазып өткендей, Ибн Сина бүкіл аристотелизмді өзінің «Аш-шифа» еңбегінде жүйелеп берген. Сонымен қатар

ойшылдың негізгі фәлсафалық еңбектерінің бірі болып табылады. Бұл энциклопедияда Ибн Сина ғылымдарды жіктеуден бастайды. Перипатетиктер дәстүрі бойынша ол барлық білім саласын фәлсафа астына біріктірді. Аристотель бойынша ғылымдар мақсатына қарай үш үлкен топқа бөлінеді: теориялық (физика, математика, метафизика), тәжірибелік (адам жүріс-тұрысын реттеуші ғылымдар – этика, саясат) және шығармашылық (өнер, қолөнер, қолданбалы ғылымдар). Алайда Ибн Синада үшінші топ жоқ, риторика мен поэтиканы логика іліміне енгізеді. Ал қолданбалы ғылымдарды теориялық философияның «екіншілі» бөлімшесіне жатқызады. Ойшыл бойынша фәлсафаның теориялық бөлімінің мақсаты ақиқатқа (хаққа) жету болса, ал тәжірибелік фәлсафаның мақсаты қайырымдылыққа (хайрға) жету болып табылады.

Теориялық фәлсафаның үш бөлігі – физика, математика, метафизика өз пәндерінің абстрактілі дәрежесіне байланысты (яғни олардың материя мен қозғалыстан дерексіз) бөлініп, иерархияланады. Тәжірибелік пәндер (этика, саясат, экономика/үй шаруашылығы) өздерінің қолданылу салаларына орай бөлінеді [2, 68-бет].

Логиканы Аристотель өз кезегінде философияның бөлігі ретінде де, не жеке ғылым ретінде қабылдамаған. Ол әдіснамалық құрал деп есептеген. Ибн Сина ілімінде ол фәлсафаның өзіндік жеке бөлігі және құралы ретіндегі теориялық ғылым болып табылады.

Логиканың философиялық ғылымдарға қатыстылығын дәлелдеу үшін Ибн Сина заттардың мәнін (махиййа) үш қырынан қарауға болатынан айты:

- нақты партикулярлерде көрініс тапқан ретінде;
- ақыл-ойдағы жалпылы ұғым ретінде;
- өздігінен яғни болмыстың жоғарыдағы екі модусынан бөлек ретінде;

Логика ментальды ұғымдардың субъектілік, предикаттылық, универсалдылық, партикулярлық, мән, акциденталдылық сияқты модустарды зерттейді. Олай болса логиканы фәлсафа құрамына енгізу, не енгізбеу деген дәстүрлі дау ол жай ғана вербальды болады деп Ибн Сина қорытындылайды. Егер фәлсафаны экстраментальды мәндер жайлы ғылым деп түсінсек онда логика бұл тұрғыдан фәлсафалық ғылым болмайды. Ол жай ғана құрал болады. Ал егер фәлсафаны мән жайлы ғылым деп білсек, онда логика фәлсафалық ғылымдар қатарына енеді. Себебі ол да ментальды мәндерді де зерттейді.

Айта кететін бір қызықты жайт ол Ибн Сина логика пәнінің нақты анықтамасын логикалық бөлімде емес, ал метафизика (Иляхийат) бөлімінде береді. Бұнда ойшыл бірінші интеллигибельді интенция (ма'ани ма 'куля уля) мен екінші интеллигибельді интенцияға (ма 'ани ма'куля санийа) терминологиялық түрде ажыратып берді. Логика екінші интенцияларды зерттейді. Одан кейін латындық Батыста логика пәнін түсінуді авиценналық түрі ғана бекіп қоймай, бірінші (*intentio prima*) және екінші интенция (*intentio secunda*) терминдері де енеді [3, 88-бет].

Авиценна метафизикасы негізінен онтологияға бағытталған және болмыс мәселесін және оның барлық маңызды сипаттамаларын зерттеу оның метафизикалық пайымдауында негізгі рөл атқарады. Заттың нақтылығы оның өмір сүруімен байланысты және объектіні білу, сайып келгенде, оның барлық атрибуттары мен қасиеттерін анықтайтын әмбебап болмыс тізбегіндегі онтологиялық мәртебсін білуге алып келеді. Әлемдегі барлық нәрсе, оның өзінің өмір сүру фактісі негізінде болмысқа енген; тек Құдай немесе әлемдегі барлық заттардың бастауы және жаратушысы болып табылатын таза Болмыс үздіксіз тізбектегі алғашқы буынға жатпайды, сондықтан әлемнің болмысымен «негізінен» және «көлденеңінен» байланыспайды. Құдай жалпыға ортақтықтың алдында және оған трансцендентті десек дұрысырақ. Құдай барлық авраамдық діндерде дәл осылай қабылданады, және тек мұсылман Авиценна ғана емес, сонымен бірге еврей және христиан философтарының да жоғары Құдай туралы жалпы түсінігі болған және Авиценна сияқты монотеистік терминология арқылы ежелгі грек философиясының ұстанымдары мен ұғымдарын білдірген.

Авиценнаның болмыс мәселесін, яғни барлық заттарға тән және олар үшін ортақ жалпы ұғымға жатпайтын болмысты зерттеуі оның бүкіл онтологиясын сипаттайтын екі

негізгі ережемен байланысты. Бұл ерекшеліктер бір жағынан заттың болмысына немесе оның мәніне (*махийя*) және оның бар болуына (*вуджуд*) қатысты болса, екінші жағынан оның қажеттілігі, мүмкіндігі немесе мүмкін еместігіне қатысты болады. Адам бір нәрсе туралы ойлағанда, оның ойына осы заттың екі түрлі көрінісі келеді: бір көрінісі осы заттың болмысын немесе «бұл не?» (*quid est* немесе *ма хийа*) деген сұраққа жауап беруге болатын мәнін білдірсе, екінші көрінісі оның бар болуын білдіреді. Мәселен, адам жылқы туралы ойлаған кезде, ол өзінің ойында жылқы идеясын немесе оның сыртқы түрін, пішінін, түсін, яғни жылқының мәнін құрайтын барлық нәрсені және осы жылқының бұл дүниеде болуын ажырата алады. Адамның ойында болмыс бар болудан тәуелсіз, ол бар ма, жоқ па, оған қарамастан объектінің мәні туралы ойлауға болады. Сыртқы әлемде әр объектінің мәні мен бар болуы сәйкес келеді; олар екі құрамдас бөлік емес, олардың әрқайсысы өз алдына, және олар біріге отырып объектіні құрайды, мәселен, кофеге кілегей не қамырға су қосқан сияқты. Тек ойда адамның ақыл-ойы жүргізетін талдау барысында бұл екі элемент бір-бірінен ерекшеленеді және әлемдегі кез-келген объектінің мәні бар және оған бар болуы қосылады деген түсінік шындыққа жанасатындай көрінеді [4, 77-бет].

Ибн Синаның болмыс жайлы фәлсафалық ілімін «Білім кітабы (Даныш наме) еңбегі негізінде қаралық. Ойшыл бойынша фәлсафа алдымен болмысты жеке қарастырады, кейін одан шығатынды зерделейді. Болмыс бірегей, көптік, жеке, жалпы, мүмкінді, қажетті, субстанционалды, акциденталды болып ажыратылады. Әлем ол күрделі болмыс және де оның өмір сүруі қажетті. Егер әлем бар болса, оған себеп бар. Сол себепті мүмкінді болмыс береді. Себептің мықтылығы әсерінен мүмкіндік шындыққа айналады. Барлық болмыстың қажетті себебін Ибн Сина Құдай деп атайды. Құдайды «Хақ» сөзімен айқындайды, ал кейбір еңбектерінде «воджиб-ал вуджуд» (қажетті мән) деп айтады. Теология тілінде қажетті мән ол Құдай немесе таза нұр болып табылады. Ойшыл кейбір өзінің шығармаларында қажетті мәнді «әлемнің жаны» (ждони джахон) деп айтса, ал мүмкінді мәнді оның денесі деп айқындайды. Ибн Сина дуалист болғаны жайлы пікір үстіртің ой екенін елеу керек. Төменде оның фәлсафалық негізін құраушы ойлардан үзіндіні мысалға келтіреміз:

«Ақиқат (Құдай) – әлемдік рух, бүкіл әлем оның денесі

Рухани жаратылыс түрлері – дененің сезімі

Аспандық жаратылыстар, элементтер – туылған бөлшектер

Бірегей жайлы ілім осыған негізделеді

Ал қалғаны тек бос пікірталас». [5, 45-бет].

Ибн Сина фәлсафасын түсіну үшін оның себеп-салдар ілімі маңызды рөл атқарады. Ойшыл себеп-салдар мәселесін шешуде Демокрит ізімен басады. Яғни әлемде барлығы себеп-салдарлы, себепсіз құбылыстар жоқ деп есептейді. Бұл көзқарастың дәлелі Ибн Синаның «Білім кітабы» және өзге де еңбектерінде берілген. Себеп-салдарлы арақатынасты ойшыл Құдай мен әлем қатынасына да қатысты қолданған. Яғни Құдай қажетті мән ретінде әлемнің алғашқы себебі болады. Дегенмен Ибн Сина себеп ақиқатты болады егер ол салдарды өзі тудырса деп санаған. Ал оған дейін ол мүлдем жоқ немесе себеп болмайды. Демек, Құдай әлемнің алғашқы себебі ретінде қажетті мәні болады егер ол салдар ретінде- материалды әлемді тудырған кезде ғана. Осыдан шығатыны Құдай мен әлем бірге мәңгі. Құдай әрқашан бар, демек әлем де оның қажетті салдары ретінде мәңгі бола береді.

Материя, форма, сан мен сапа, қозғалыс пен уақыт, кеңістікті түсінуде Шейх ур Райс перипатетиктер философиясына негізделеді. Дегенмен ойшыл Аристотель мен Фарабиден ілгері кетеді. Ол қозғалысты заттың белгілі бір уақытта потенциалды қалып-күйден ақиқатқа өтуін айтады деп сипаттаған» [5, 15-бет]. Бұдан шығатыны потенциалды қозғалыс әрқашан бар және де ол мәңгі. Ешқандай жасау әктісі болмаған, себебі ол о бастан бар. Ибн Сина «Сауығу кітабы» еңбегінде солайша баяндаған: «Қозғалыстың о бастылығын ол бастаусыз болғандықтан солайша есептейді» [9, 101-бет]. Ибн Синаның

қозғалыс түрлерінің жіктелуі аристотельдік жіктемеден өзгеше. Ойшыл қозғалыс түрлерінің екі принципін енгізді. Біріншісі ол болмыстың мүмкінді-мәні бойынша (сапа, сан, орын, уақыт). Екіншісі ол қайнар көздері бойынша (табиғи, акцидентті, мәжбүрлі).

Кеңістік мәселесі Ибн Синада «орын» категориясы формасы бойынша антика дәстүрімен селбеседі. Ойшыл қозғалыс орынсыз, орын қозғалыссыз болмайды деген пікірге сүйенеді. Орын ол тек көлемі бойынша орын алып тұрған затпен сәйкес келеді. Егер зат орнынан кетіп қалса, ол орында басқа зат алады, Сондықтанда орын субстанция да, дене де, пішін де емес. Егер ол субстанция болатын болса, ол не денелік, не ақыл-ойлық болар еді. Ал егер орын денелік болар болса, онда оның да орны болар еді, ал бұл мүмкін емес. Осы пайымдардан кейін ойшыл орын материалды субстанцияның акциденциясы болып табылады деген қорытындыға келді. Және де орын субстанциямен байланыссыз бар болмайды деген. Бұл қорытындымен Шейх ур Райс Аристотель тұрақсыздығына нүкте қойды. Аристотель орынды материямен қатар бар болатын шынайылықтың ерекше түрі деп білді.

Ибн Сина уақытты о бастан бар және мәңгі деп санайды. Уақыт объективтілігін мойындауға шақырды, оның субъективисттік түсінігімен күресті. Ойшыл былай деп жазды: «Уақыт...дене үшін қозғалыс арқасында бар болып тұр. Сондықтан егер қозғалыс, өзгеріс болмаса онда уақытта жоқ». Сондықтан уақыт ерекше шынайылық ретінде бар болмайды. Антика мұрасын зерделей Ибн Сина уақыттың материя акциденциясы ретінде объективті сипатын ерекше айтты. «Кейбіреулері уақыттың бар екенін жоққа шығарады. Ал өзгелері оның болмысын мойындай келе оның тысқары объективті бар болуын мойындамайды. Оны елесті абстрактты ұғым деп ойлайды» [7, 69-бет]. Ибн Сина бұл пікірлермен келіспейді уақыттың материалды және объективті екенін айтады.

Ойшылдың негізгі фәлсафалық ойларын саралай келе төмендегідей де қорытындылар шығарылды:

- Ибн Сина «бөлінбейтіндік» немесе бөлінбейтін бөлшектер (атомдар) теориясын құптамайды.

- Қозғалыс ол уақыттың өлшеуіші және заттардың атрибуты деп біледі. Ол жеке заттардан бөлек бар болмайды, яғни бар болудың автономды формасына ие емес дейді. Оның іліміне сай қозғалыстың, кеңістіктің және уақыттың келесідей түрлері бар:

1) Ибн Сина қозғалыс формаларының жіктелуін береді. Қозғалыс формалары сандық, сапалық, шеңберлік, ерікті\еріксіз, жанның қозғалысы, табиғи, кездейсоқтық;

2) Ойшыл үшін кеңістік, қозғалыс сияқты субстанционалды статуска ие емес, ол материалдық дененің сипаты болып табылады. Кеңістіктің барлық түрлері беткі жағын, орындар түрлерін қамтиды, алайда өздігінен бар бола алмайды. Яғни заттың шекарасы мен көлемі бойынша сәйкес келеді;

3) Ибн Сина уақыттың объективті қасиетке ие екенін анықтап, дәлелдейді. Уақыт дененің қозғалысымен байланысты. Уақыт ол қозғалыстың саны немесе өлшемі болып табылады. Уақыт категориясын өткен, болған, мәңгілі, о бастан мәңгілі, мәңгілік алды (азамият, абадият, сармадият) деген жіктелулерге бөлген, ол келешек зерттеулер үшін керемет азық бола алады [8, 58-бет].

Ибн Синаның фәлсафалық зерттеулеріне қарап ойшылдың пайымдары Аристотель позицияларына ұқсас болғанымен, толықтай бірдей емес. Ол пайымдарда жаңа теориялардың құрылуымен ерекшеленеді. Мысалы, қозғалыс инерциясының теориясы ретінде, кеңістік пен уақыт салыстырмалылығы концепциясы, уақыт пен Құдайдың мәңгілігі жайлы концепциясы және т.б. Осының барлығы әлбетте мұсылман мәдениетіне ерекше үлес қосты.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Болтаев М.Н. Абу Али Ибн Сина. Великий мыслитель средневекового востока. - Москва. Сампо, 2002. - 401 б.
- 2.Григорян С.Н. Из истоии философии Средней Азии и Ирана VII-XII вв. - Москва.: Изд-во Академии наук СССР, 1960. - 332 б.

3. Григорян С.Н., Сагадеев А.В. Избранные произведения мыслителей стран ближнего и среднего Востока IX-XIV вв.-Москва., Изд-во социально-экономической литературы, 1961. -662 б.
4. Джонбобоев С. Эпистемология Ибн Сины: о движении мысли от иллюзии к истине. – Бишкек.: ОКНГН Университет Центральной Азии, 2020. – 204 б.
5. Джонбобоев С. Философия природы Абу Али Ибн Сины: анализ концепции движения, пространства и времени. – Бишкек.: ОКНГН Университет Центральной Азии, 2023. – 38 б.
6. Диноршоев М. Компендиум философии Ибн Сины.- Душанбе.: Дониш, 2010.-343 б
7. Ефремова Н.В. Атрибуты Бога согласно фальсафа. Москва.: Ежегодник исламской философии. - №2, 2011. - 479 б.
8. Ефремова Н.В. О некоторых аспектах авиценновской эпистемологии. Москва.: Наука- Восточная литература, 2013. - 363 б.
9. Ибн Сина. Избранные философские произведения. Москва.: Наука, 1980. - 554 б.
10. Ибрагим Т.К., Ефремова Н.В. Мусульманская религиозная философия фальсафа. Казань.: Изд. Казанского университета, 2014. - 236 б.

МАСНАВИ-ЙЕ МАНАВИ ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ АДАМНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ ІЛІМІ

Құдайбергенова Г.Қ.
PhD, аға оқытушы
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті Шығыстану факультеті
Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия
кафедрасының аға оқытушысы
gulbahyt2017@gmail.com

Аннотация. Мақалада мұсылман әлеміне де, сондай-ақ, басқа да дін өкілдері әлеміне де тамымал болған ұлы ақын Джалалуддин Моулави Румидің «Маснави-йе Манави» атты шығармасы зерттеу нысаны ретінде таңдалды. Моулавидің бұл туындысында Жаратушының асқан шеберлігімен «Адам» деген мәртебелі атқа ие болған мақлұқтың психологиясы әр қырынан суреттейді. Ақынның ойынша адамның өзін-өзі тану ілімінен асыл ілім жоқ. Адам өзін тануы үшін рухани сапаны аттыру керек екендігін, ізгілікке кедергі болатын ішкі дүниедегі нашар белгілерді жоюдың жолдарын да ақын поэтикалық өрнекпен көркемдеген. Сондай-ақ Моулави адамның бойында жасырын жатқан асыл-қасиеттер көп екендігін, тек соны дамытып, күрмеуін шешкен кезде ғана шын бақытқа жетуге болатынын осы мақалада қарастырып, нақты мысалдармен түсіндіреді.

Кілт сөздер: Моулави, сопылық ілім, authority, projection, айна, символ

Учение о самопознании в Маснави-йе Манави

Аннотация. В статье в качестве объекта исследования выбрано знаменитое произведение «Маснави-йе Манави» великого поэта Джалалуддина Моулави Руми, известного как в мусульманском мире, так и в мире представителей других религий. В данном произведении Моулави всецело описывает психологию существа с почетным именем «Человек», созданного через мастерство Великого Творца. По его мнению, нет более благородного учения, чем учение человеческого самопознания. Для того чтобы человек познал себя, ему необходимо повысить свои духовные качества, а способы устранения отрицательных зачатков внутреннего мира, мешающих совершать благие дела поэт проиллюстрировал через поэтические строки. Также Моулави утверждает, что в человеке скрыто множество благородных качеств, которые только путем их раскрытия и развития могут привести его к истинному счастью, что и в рассматривается в данной статье на конкретных примерах.

Ключевые слова: Моулави, суфийское учение, авторитет, проекция, зеркало, символ.

The teaching of Self-Knowledge in Masnavi-ye Manavii

Abstract. The famous work "Masnavi-ye Manavii" by the great poet Jalaluddin Moulavi Rumi, known both in the Muslim world and in the world of representatives of other religions is selected as the object of study in this article. In this work, Moulavi widely describes the psychology of a being with the honorable name of "Man", created as the masterpiece of the Creator. In his opinion, there is no more noble teaching than the teaching of human self-knowledge. In order for a person to know himself, he needs to improve his spiritual qualities, and the poet illustrated the ways of eliminating the negative signs of the inner world that prevent him from doing good deeds through poetry too. Moulavi also claims that a person has many noble qualities hidden in him, which can only lead him to true happiness through their disclosure and development, which are discussed in this article using specific examples.

Key words: Moulavi, Sufi teaching, authority, projection, mirror, symbol.